

№ 14 дәріс

Тақырыбы: Көтеш Райымбекұлы шығармашылығы

Негізгі сұрақтар:

1. Көтеш Райымбекұлы өмірі
2. Көтеш ақын арнауларының тақырыптық қырлары

1. Көтеш Райымбекұлы өмірі. Көтеш Райымбекұлы Қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданында туып-өскен. XVIII ғасырда өмір сүрген. Арғы атасы - Тұрлыбек. Арғын тайпасының Сүйіндік руының Күлік бөлімінн шыққан. Ол ақындықпен жас кезінен шұғылданған.

Алғаш рет 17 жасында Абылай ханға қарсы бас көтерген Мейрам руын мадақтаған өлеңі арқылы аты шығады. Оның өлеңдерінің көпшілігі шешендік, нақыл, жұмбақ түрінде халыққа көбірек тараған. Ақынның өлеңдерін зерттеп-жинаушылар: Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, Бозтай Жақыпбаев, Ғалымжан Мұқатов. Көтештің шығармалары көркемдік құндылығы жоғары, идеясы терең, мазмұнды болып келеді. «Абылай, Ботақанды сен өлтірдің», «Күркелінің бауыры күнде дауыл», «Сексен ерікке қоймады-ау, қалжыратып», «Қартайғанда қатының дұшпан болады», «Кәрілік, жылы-жұмсақ ас жарай ма», «Қыз бен Көтеш», «Көтештің Кіпіне қызбен айтысы», «Көтештің Зағипамен айтысы» деген айтыс өлеңдерінде көшпелі халық өмірінің шындығы көрінсе, екіншіден, тоғышарлықты келекелеп, астарлы сөзбен әжуалап отырғаны байқалады. Ақынның бірқатар өлеңдері мен айтыстары «Ертедегі әдебиет нұсқалары» (1961), «Алдаспан» (1971), «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» (1985) атты жинақтарда жарияланды.

Әуелі елдегі айтыс дәстүрі бойынша танылып, арнау өлеңдер айтып жүрген. Кейін әлеуметтік мәселелерге үн қосып, елінің тарихын, жауға қарсы жорықтарын, өз дәуірінің келелі мәселелерін көтеріп отырған.

Көтеш нағыз ақпа ақындарға тән қасиеттермен танылып, сол ақындар поэзиясы үлгісін ұстаған, қара өлең, қайым өлең жанр түрлерін байытқан. Ақынның бізге мәлім шығармалары осыған дәлел. Өзінің мазмұны жағынан әлеуметтік, қоғамдық, тұрмыстық мәселелерді кеңінен көтеріп, әр түрлі лирикалық өлеңдерін шығарған.

Ақындарша айтысып, арнау, ойнақы терме, сынай арнаулар да айтып жүрген. Қалмақтың қазақ жерін босату күресіне белсене араласқан әрі батыр, әрі ақын саналған ол Жасыбай, Олжабай батырлар бастаған Сүйіндіктердің қалың қолдарымен бірге жүріп, әрбір күрес нәтижелерін сөз еткен. Аталмыш батырлар туралы ұзақ жырларды толғап жүрген.

Көтеш - өлеңді көп шығарған төкпе ақын. Оның әлі жиналмай, ел аузында жүрген сөздері көп. Ақын шығармалары өз кезінің талай тақырыптарын көтеріп, ішкі-сыртқы ел қайшылықтарына үн қосқан. Ол өз еліндегі кемтарлар тұрмысын, әлеуметтік теңсіздіктерді де, халықтың мұң-шерлерін де толғана жырлады.

«Ақтабан шұбырынды» оқиғасынан мол хабардар Көтеш сол ауыр оқиғаны тебірене толғап, халық қайғысына үн қосады. Қалмаққа қарсы соғыс

аяқталып, ішкі егестер қозған кезде Көтеш Абылай ханға наразы ерлер жағында болып, сол ханға қарсы топтың сойылын соғып, Бөгенбай, Қазыбек, Олжабай бастаған топпен бірге Абылайдың өзіншіл өр мінездерін бетіне басқан. Ел арасындағы: «Көтештің «Ер Олжабай», «Ботан» атты жырлары болушы еді. Ол жырларында ақын онша мақтамапты ханды. Нәтижесінде ақын көп қуғын да көреді. Өле-өлгенше алдына мал салмай, кедейлік зардабын шегіп өтті. Ақыры елден кетіп, сол қарақшылар қолынан қаза тауып еді» деген аңыздар осыны аңғартады.

2. Көтеш ақын арнауларының тақырыптық қырлары

Көтеш ел адамдарына қаратып арнау өлеңдерін шығарып жүрген. Еліндегі Тінәлі, Тышқандай, Қапан деген байлар сыйлығына байланысты айтқан өлеңдерінде мейірбандықты, кең пейілділікті жақтайды. Өзін-өзі зор тұтып, басқаны менсінбеген мырзаларға да Көтеш өткір мысқылдар арнап отырған. Торайғыр биге айтқан сөздері де өткір. Ақын мінер атқа, ішер асқа зар болып өткен. Бұған оның өлеңдері де айғақ. Қартая келе ол келін-балаларына риза болмай, оларға наразылығын білдіріп өлеңдер шығарып жүріпті. Балаларын жақтап, өзін күтпеген кемпіріне айтқан өлеңдерінде де ол өзінің ақындық қабілетін танытады.

Көтеш айтысқа да түсіп жүрген. Бізге оның қыпшақ қызымен, Күнікей, Зағипа, Қания қыздармен тіл қағысулары жеткен. Ол өлеңсіз сөз сөйлемеген. Кез келген сөзін тұспалдап, өлеңдете жөнелетін қас жүйріктің өзі болған. Қазақ әдебиетінде Көтеш ақын мұрасының алар орны ерекше.

Көтеш Райұлының өлеңдерінің көпшілігі шешендік, нақыл, жұмбақ түрінде халыққа көбірек тараған.

Ақын шығармалары өз кезінің талай тақырыптарын көтеріп, ішкі-сыртқы ел қайшылықтарына үн қосқан. Ол өз еліндегі кемтарлар тұрмысын, әлеуметтік теңсіздіктерді де, халықтың мұң-шерлерін толғана жырлады. «Ақтабан шұбырынды» оқиғасынан мол хабардар Көтеш сол бір тарихи ауыр кезенді тереңнен тебірене толғап, халық хайғысына үн қосады. Баянауыл өңірінің тумасы Көтеш ақынның даңқы «Абылай, Ботақанды сен өлтірдің» деп басталатын өлеңі арқылы шыққан. Ақынның бұл өлеңі «Ертедегі әдебиет нұсқалары» атты жинақта 1967 жылы басылды. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің зерттеуі бойынша бұл өлеңнің жарық көруі, Көтештің ең алғаш он жеті жаста ақындық жолға келгенімен сипатталады. Ақынның бұл өлеңіне тән кейбір сипаттарды XVIII ғасырдағы ақындар поэзиясына шолу жасау барысында айтылып өткен. Көтештің ақындық даңқын шығарған осы өлеңге себепкер болған оқиғаның нақты жай-жапсары белгісіз. Десек те, өлеңнің бірінші шумағын оқи отырып, Мейрам руының Ботақан деген жігіті кісі қолынан мерт болғанын, оның өлімі үшін Абылайды кінәлі санаған жігіттің руластары Хан ордасын қоршай жиылып, құн даулағанын көреміз. Екінші шумақтан аңғарылатын жағдай – Абылай ханның салдырған қаласының өртеніп кеткендігі, сол өрт үшін Мейрам руының Жанай деген адамының кінәланып, қамауға алынғаны, «Мейрам руына жала жабылды»

деп ашуланған жұрттың тағы да Хан ордасына келіп, Жанайды босатуды талап еткендігі.

Абылай, Ботақанды сен өлтірдің,
Есіл ер жазығы жоқ неге өлтірдің?
Хан басың қарашыңмен даулы болып,
Үстіне ақ орданың қол келтірдің.

Абылай, күйіп-кетті салған қалаң,
Мейрамға не еді сенің жапқан жалаң?
Жанайды дәл бүгін күн босатпасаң,
Болады ертең жесір қатын-балаң!!!

Бұл – қос шумақтан тұратын өлеңнен танылатын көріністер. Өлеңнен көрінетін осы жәйттерге ойлана қарасақ, сол дәуірдегі қазақ халқының өмірінде орныққан демократиясының көріністерін көрер едік. Демек, бұл жағдай жыраулар мен ақындар поэзиясына тек көркем сөз үлгілері ретінде қараудың аздық ететінін аңғартады. Сол себепті хандық дәуірдегі поэзиялық туындыларға сол дәуірдің бейнесі ретінде қарап, соған орай тереңірек үңіле зерделеу абзал болмақ.

Ақын шығармалары өз кезінің талай тақырыптарын көтеріп, ішкі-сыртқы ел қайшылықтарына үн қосқан. Ол өз еліндегі кемтарлар тұрмысын, әлеуметтік теңсіздіктерді де, халықтың мұң-шерлерін толғана жырлады. «Ақтабан шұбырынды» оқиғасынан мол хабардар Көтеш сол ауыр оқиғаны тебірене толғап, халық хайғысына үн қосады. Ә.Жиреншиннің зерттеуі бойынша, ел арасына кең танымал «Қаратаудың басынан көш келеді» өлеңінің авторы Көтеш ақын деп көрсетілген. Қазақстан

Ғылым Академиясының қолжазба қорында Көтеш айтқан осы

“Қаратаудың басынан көш келеді”

Өлеңінің бір нұсқасы жатыр.

Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді,
Жақсы қыздың үйіне күйеу болсаң
Табақ-табақ алдыңа төс келеді...

Бұл өлең жолдарын Көтеш ақын өзінің құдасына айтыпты-мыс. Яғни, жақсы елмен құда болсаң алыстан сыйласасың, сонымен қатар әр уақытта бірлігің жоғалмай сыйлы жан боласың деген мақсатпен бұл өлеңді жазды.

Профессор Х.Сүйіншәлиевтің Көтеш Райұлы туралы зерттеуінде автор баянаулық Жағыпар Ахметовтен алынған деректен алынды деп, Көтеш Торайғыр биді Шоң бимен араздасқанда тоқтатқан деген мәлімет береді. Заманында еліне елеулі болған Көтештің ондай сөздерді айтуына күмән келтіруге болмайтын шығар. Бірақ, Көтеш мұрасын да, Торайғыр бидің айтқан билік сөздерін де барынша мұқият хатқа түсірген Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің “Торайғырды тоқтату” дейтін жазбасында Шоң мен Торайғыр екеуі араздасып, Торайғыр Жиделібайсынға көшіп бара жатқанда оны Қарауыл Мүсет би тоқтатып:

Шоң, Торайғыр сенбісің, мақтап жүрген,
Бар өнерің осы ма сақтап жүрген?!

Елден кетіп барасың
Мамыр менен Сабырға,
Барғаннан соң сен жерсің
Жал-жая жоқ қабырға.

Шоң, Торайғыр атанған
Егіз шыққан атыңды
Қайдан іздеп табарсың?!
Ұқсаң, айтқаным осы,
Ұқпасаң-қайтқаным осы!

Босат атымның басын-депті!.- сонда Торайғыр түсініп, елге қайтқан екен.

Ал, Көтеш Райұлының “Алдымнан алты пұшық анталады...” атты өлеңі - ақынның ең соңғы туындысы. Қазақ ССР Ғылым академиясына 1961 ж. А. Данияров тапсырған. “Ертедегі әдебиет нұсқаларында” атты жинақта жарияланды.

Жалпы айтқанда, Көтеш Райұлы жастайынан сөзге шешен болып, әр нәрсені өлеңдетіп шешіп отырған. Көтеш ақынның өлеңдерін көптеген ғалымдар зерттеп, олардың тақырыптық ерекшеліктерін баяндап, халыққа мұра етіп қалдырған.

Көтеш ақынның суырып салмалығында дау жоқ. Сондай қасиеттерді бойына жинаған Көтеш ақынның жырлары да – мінсіз жауһар шумақтар. Көтеш ақынды зерттеуші М. Мағауин оны «кез келген нәрсені өлеңге айналдыра алатын ақын және күй талғамайтын жүйрік» деп бағалайды.

Көтеш – импровизатор. Ақын төрттағандарының желісі көбіне-көп кәріліктің төңірегінде жырланған. Жырларында сартап сағыныш, жастық шақты аңсау сарыны байқалады. Кәрілік, жылы-жұмсақ ас жарай ма, Қазы, қарта, жал, жая, бас жарай ма? Кәрілік, мұның бәрін жақтырмайсың, Үйген топырақ, қалаған тас жарай ма!

Жырда кәріліктің мағынасыздығы, мәнсіздігі айшық тапқан. Өмірінің барлық кезеңдерін тек кедейлік пен жоқшылық тауқыметін тартып өткізген Көтеш ақын пессимизмге сарыны жырларының құрылған. дені Пессимизм барлық ақын-жыраулардың жырында көрініс тауып отырғандығы белгілі. Көтештің қолда бар өлең, нақылдарының көпшілігі қара өлең үлгісімен жазылған. «Көтеш өлеңдеріндегі зілді ирония, ащы юмор ол кісінің өмірден көп тақит көргендігін баяндайды. айтайын дегенін Әйтсе де әрдайым қысқа сөздермен бекітіп, әлденені іркіп қалған секілді боп көрінеді...», - деп зерттеуші Ө. Күмісбаев дәлелдейді.

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

1. Көтеш Райымбекұлының шығармашылық ғұмырбаяны
2. Шығармаларының жариялануы
3. Ақынның арнау өлеңдерінің мәні